

«Жайлы мектептерде» жағдайдың бәрі болады  
3-бет



Қуғаны құтылмаған Қаракер  
6-бет



Жарқын жүздесу  
8-бет



# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 13 ҚАҢТАР, 2024 ЖЫЛ №5 (23 327)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• САНАҚ-2025

## Ауыл шаруашылығы санағы өтеді

Ел Үкіметі былтыр 29 желтоқсанда «2025 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы» қаулы қабылдаған еді. Қаулы осы жылдың 19 қаңтарында күшіне енеді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазан аралығында өтеді. Санақтың екі кезеңі бар: 1-31 тамыз аралығында интернет желісі арқылы онлайн режимде; 20 қыркүйек – 20 қазан аралығында елді мекендерді аралау арқылы.

Санақты өткізудің мақсаты – аграрлық сектордың дамуына болжам жасау және ауыл шаруашылығы саласының қазіргі шынайы жағдайы туралы толыққанды ақпарат алу.

Санақты жүргізген кезде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру арнайы құрылған комиссияға жүктеледі.

Айта кетейік, Қазақстанда осыған дейін Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы бір рет 2006-2007 жылдары өткізілген.



## Тұрғын үй саласына тұжырым керек

Аймақта заңсыз салынып жатқан тұрғын үй кешендерінің тізімі, оларды салушы құрылыс компанияларының аты былтыр көктемнен бастап айтылған болатын. Сол уақытта-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы тұрғындарға олардан пәтер сатып алудан сақ болуға кеңес берілген-ді. Бүгін шу болып жатқан «Хан» да, «Al-Farabi» да сол «қара тізімде» бар. Қоғамдық резонанс тудырып, нәтижесінде заң талабына адами факторды қарсы қойды. Себебі, жергілікті биліктің үлескерлерді қолдайтынын және қорғауға барын салары бесенеден белгілі. Құрылыс компаниялары құжатының дұрыс емесін біле тұра әрекет етіп, өзгеге заңды осылай белшеден басуға болады деп көрсетіп отырғандай.



Сурет ашық әрекеттен

Жаная ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы ретте Мемлекет басшысының 2021 жылы Жолдауында айтылған бірінші тұрғын үй бағдарламасы ойға келеді. Сол уақытта Президент «Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталатынын ескертіп, «нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәрине бірдей қолжетімді емес» деп атап айтқан еді. «Осыған орай Бірінші тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады. Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банкі» оның әкімшісі болып белгіленеді. Банк алдында бір терезе қағидаты бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр», – деді Мемлекет басшысы. Алайда, пайызы төмен, халықтың қалтасы көтеретін бағдарлама

және бәрі қолжеткізе алатын бағдарлама әзірленгені әлі күнге дейін естімедік.

Былыр «7-20-25» бағдарламасымен өтінім беруге болғанымен, оның мөлшері шектеулі еді. Халықтың құрылыс компаниялардың айтқанына иланып, құрылысы жүріп жатқан үйге ақша салуына қолжетімді бағдарламаларының жоқтығы да себебі бір жағы. Тәуелкелге бас тігерін билесе де, қолындағы барын, жиган-тергенін береді. Себебі, дәл қазіргі уақытта тиімді бағдарлама жоқ. Осылай алданып, соңында соттасып жүргендердің қатары көбеймесе, азаяр емес. Сондықтан да, Үкімет үй сатып алу үшін алдын ала шарт жасасуға тыйым салуды жоспарлап отыр. Енді құрылыс компаниялары тұрғын үй кешендерін салу мақсатында үлескерлерді тарта алмайды. Бұл құрылыс жүргізу саласындағы бақылауды күшейтуге және жұмыстың ұзаққа созылу тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді.

Осыған қатысты бірқатар түзетулер енгізілген заң жобасы Мәжілістің қарауында. Ол мақұлданды, толыққанды шарт жасалмағандықтан, үлескерлер алдын ала ақша бермейді. Сөйкесінше, құрылыс жүргізушіге алдын ала қалау қауіпі де айтарлықтай азаяды. Әрі, үлескерлерден заңсыз қаржы жинап, кейін құрылысты тоқтататын компаниялардың жауапкершілігін арттыру көзделіп отыр. Яғни, айыпшұл санкциялары ұлғайтылуы ықтимал. Сондай-ақ, инженерлік желілерсіз тұрғын үй нысандарын жобалауға және салуға тыйым салынады. Осы арқылы сапасыз нысандарды пайдалануға беру тәуекелдері жойылмақ. Бұдан бөлек, үйлерді бір-біріне тым жақын тұрғызуға шектеу қойылды. Бұл айтылғандар биыл орындалмақ. Ал, ол іске асқанша «үлескерге алданып, сан соғып қалғандар көбейіп кетпей ме?» деген сауал келеді көкейге. Себебі, бүгінгі таңда облыс



## Реформа – өміршең өзгерістер

орталығында құжаты толық емес 11 тұрғын үй кешені салынып жатыр. Оның екеуі – «Al-Farabi» мен «Хан». Басқа тоғыздың ертеңгі таңдыры қандай болары беймәлім.

Сала мамандары қазіргі таңда құрылыс қарқынды жүріп жатқанын айтады. Былтыр мәселен, ел бойынша 12,5 млн. шаршы метр пайдалануға берілсе, 2006-2007 жылдары бұл көрсеткіш 5-6 млн. шаршы метр ғана болған. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі 20,9-дан 23,4 шаршы метрге дейін өсті. Тұрғын үй қоры артып келеді дегенімізбен, зерттеулер Қазақстанда тұрғын үй тапшылығы 114 млн. шаршы метрге тең екенін көрсетеді.

Krisha.kz сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, елдегі тұрғын үй жағдайы проблемалы күйде қалып отыр. Салыстыру үшін негізгі параметр БҰҰ халықаралық стандарттарында келтіріледі. Мұнда бір адамға тұрғын үйдің жалпы алаңының талап етілетін нормасы 30 шаршы метрді құрауы тиіс. Олай болса, тұрғын үй қоры тапшылығы шамамен 114 млн. шаршы метр шамасында.

Былтыр жыл соңында ел Премьер-Министрі Әлихан Смайылов «Отбасы банкі» және «Бәйтерек» холдингі бірлесіп «9-20-25» бағдарламасын әзірлеп жатқанын мәлімдеген еді. Оның айтуынша, бағдарлама арқылы 8 мың отбасын баспанамен қамту мақсаты көзделіп отыр.

«Қазіргі жағдайда 9 пайыз деген төмен мөлшерлеме саналады. Соны іске асыру үшін тиісті есеп-қисапты жасап отырмыз. Оған жыл сайын 150 млрд. теңге керек. Ол үшін 100 млрд. теңгені нарықтан тартуымыз қажет, ал «Отбасы банкі» өзінің таза табысынан 50 млрд. теңге бөлуі тиіс. Осы қаражатты қосып, 9 пайыздық ставкаға шығу керек. Бұл бағдарлама негізінен жастарға арналады деп санаймын», – деді Әлихан Смайылов.

Сондай-ақ, Премьер-Министр «Бақытты отбасы», «Шаңырақ» бағдарламасының жалғастығын айтты. Бұл бағдарламалар арқылы соңғы үш жылда 43 мың отбасы баспаналы болған.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Бұрқасын. Тұман. Көктайғақ.

Қыс өзінің қарлы пейзаждар қуанышымен бірге қала тұрғындарын аз-кем әбiгерге салатыны да тансық жайт емес. Ауа райының күрт нашарлауының салдары, әлбетте, қала билігі мен қоғамды тиімді шешімдер іздеуге ынталандырады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды көшелері қыста қауіпсіз емес. Аяз. Қалың қар. Көктайғақ. Әсіресе, тайғақ жаяу жүргінші жолында құлап, жаракат алу оңайдың оңайы. Кейде, тіпті, арнайы аяқ киім де құтқармайды. Сауалнама барысында қала тұрғындары жиек-жолдағы мұзтайғақтың жаяу жүргіншінің шырын алатынын жасырмайды. «Иә, табанымыз тайып, құлап жататын кезіміз болады. Әсіресе, күн райы күрт бұзылғанда қиын», «Көктайғақ. Боран. Қар қалың. Кейде жүру мүмкін болмайды. Омбылап дйттеген жерімізге жетіп жығыламыз»; «Жиек жолдың бар аумағы толық тазаланбайды!», «Гоголь көшесін алайық. Орталық көше ғой. Бірақ, тиісінше назар аударылмайтын сынды. Көктайғақ көзге ұрып тұр!», «Жиек жолға тұз сепкендер көрінбейді» деген рәушті тұрғындар пікірлері еріксіз ойға шомдырардай.

Байыптап қарасаңыз, тұрғындар пікірі сан алуан. Оның үстіне кейінде жеткен бұрқасын, қалың қар, тұман қозғалысты мүлде тежеп тастағандай. Қаладағы көктайғақ жазатайым оқиға мен тосын апатқа ұшыратуы мүмкін. Тұрғындар мен жүргізушілер жаяу жүргіншілер жолы мен жолдарда сырғанау қаупіне тап болады.



Сурет ашық әрекеттен

Мұндай оқиғаларды азайту үшін көктайғаққа қарсы материалдарды пайдалануды, жолдарды жинау бойынша неғұрлым белсенді шараларды, сондай-ақ, халық үшін белсенді ақпараттық науқанды қоса алғанда, тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау аса маңызды.

Х.Мақажанов атындағы көпбейін-

ді аурухананың ахуалдық орталығының басшысы Ерік Шонбаев тек жыл соңында ғана Қарағанды облысының медициналық ұйымына 150-ге жуық адам жүгінгенін айтады.

– Емханаға жүгінгендер саны көбейді. Көктайғақ салдарынан жарадар болғандар аз емес. Жылдан-жылға қауіпсіздік ереже-

сіне жете мән берген маңызды. Қыс келді, бұған дайын болу керек. Сапалы аяқ киім сактайды, – деп кеңес береді Ерік Шонбаев.

Өңірдегі көлік инфрақұрылымы көктайғаққа байланысты сын-қатерлерге мезгіл сайын тап болады. Жолдардың жабылуы, трафиктің кешігуі және апаттар қысқы кезеннің ажырамас бөлігіне айналады. Жолдардағы мұзбен күресудің заманауи технологиялар жүйесін дамыту және жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету – қыста қамдайтын әрі дамыта алатын маңызды бағыттар.

Бұл орайда облыс әкімі Ермағанбет Белекпаев ауа райының күрт нашарлауына байланысты өңір тұрғындары мен қонақтарына үндеу жасады.

– Сіздерге бұл мезгілде үйде болуды, сондай-ақ, қала мен елді мекеннен тыс жерге сапар шегуден бас тартуыңызды сұраймын! Ауа райының қолайсыздығына байланысты, республикалық және облыстық жолдар жабылды. Облыс бойынша электр желілерінің үзілу жағдайлары бар. Сондықтан, кей жерлерде электр қуаты мен жылу беру тоқтауы мүмкін. Барлық коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеуде, қажетті шаралар қабылданды. Төтенше жағдайлар департаменті жанынан жедел штаб құрылды. Жедел желі телефоны жұмысын бастады, – делінген үндеуде.

Сөз соңында әр оқырман қаперіне қыстағы қауіпсіздік ережесіне мән беріп, ауа райын бақылауын еске саламыз. Бұл уақыт – қауіпсіздікті бірінші орынға шығарар кезең.

• РЕСМИ

## Эквиринг үлесі басым

Былырғы 11 айдың қорытындысы бойынша елімізде төлем карталарының саны 38,5 миллионға жеткен. Оның 33,5 миллионы – кредиттік карта, 4,7 миллионы – дебеттік және 275,7 мыңы – басқа да карталар. Одан бөлек, кейінгі бес жылда пайдаланылатын төлем карталарының саны 3,6 есеге өскен.

Кәсіпкерлер де қолма-қол ақшасыз төлем қабылдауды құл көреді. Мәселен, былтырғы үш тоқсанда сауда кәсіпорындарында 975,3 мың POS-терминалдар болған. Сондай-ақ, сауда нүктелерінің саны артқандықтан, төлемді эквайрмен қызмет көрсетуге шарт жасасқан кәсіпкерлер саны бірден 1,5 есе ұлғайды.

Кәсіпкерлік қызметіне қатысты мобильді аударымдарға қатаң бақылау жүргізіледі. 2023 жылы мемлекеттік кірістер комитетіне банктерден үш айда 100 тұлғадан өтініш келіп түскен. Жоба жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталған. Өйткені, шағын дүкендер, такси жүргізушілері және тағы басқалары жеке шоттарға мобильді аударымдар арқылы тауарлар мен қызметтерге ақы алады. Ал, мұндай аударымдарға көбіне чектер берілмейді.

Елімізде төлемді қолма-қол ақшамен қабылдайтын кәсіпкерлердің үштен бірі Алматы, Астана және Шымкент мегаполистерінде.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 496.80

• USD/KZT 453.12

• RUB/KZT 5.10

• CNY/KZT 63.27

Қазақстан Ұлттық Банкінің 12 қаңтар, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ӨЗЕКТІ

# Қызылша бәсендер емес

12 қаңтардағы мәлімет бойынша аймақта қызылшамен ауырғандар саны – 187. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, аймақта қызылшаға қарсы вакцина жеткілікті мөлшерде. Оның әрбір дозасы баланың ағзасын күшейтеді.

қауіпсіз вакциналарды пайдалануға рұқсат беруді қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, вакцина өндірушісі

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Вакцина тұрғылықты жер бойынша емханалардың барлық егу кабинеттерінде тегін. Қызылшаға қарсы жоспарлы профилактикалық егулерді, сондай-ақ, жаппай иммундауды арнайы оқудан өткен медицина қызметкерлері жүргізеді. Екпе-лерді жүргізуде ДДҰ сертификаттаған және елімізде тіркелген аралас вакцина қолданылады. Қазіргі таңда қызылша мектепке дейінгі мекемелер арасында балаларда жиі кездесуде.

– Қызылша ауа арқылы жұғатын қауіпті жұқпалы ауру болғандықтан, екі аптаға дейін созылады. Егер қызылшаға қарсы екпе алса, ол жеңіл түрде өтеді. Сондықтан, ата-аналар балаларына аса қақ болып, денсаулығына немқұрайлы қарамауын ескертеміз, – дейді «Ботагөз» бөбекжайының медбикесі Наталья Салимова.

Қызылша – жұқпалылығы жоғары инфекция. Ауа тамшылары арқылы таралып екпе алмағандарға қауіп төндіреді. Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес, қызылшаға қарсы жоспарлы егулер 12 айлық (вакцинация) және 6 жастағы (ревакцинация) балаларға жүргізіледі.

Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті мамандарының айтуынша, барлық вакциналар міндетті түрде препарат тіркелгенге дейін де, оны қолдану басталғаннан кейін де қауіпсіздік үшін арнайы зерттеуден өтеді.



Вакцинаның құрамына кіретін барлық заттар туралы мәліметтер олардың нұсқаулығында бар. Оның құрамы жайлы ақпарат кез келген қызығушылық танытқан адамға қолжетімді. Әкелінетін вакциналар (әрбір серия, партия) қауіпсіздік пен сапа бағалауынан өтеді. Бұл тиімді және

өндіруші зауыттың сапа сертификатымен бірге, сол елдің уәкілетті органы аккредиттеген өндіруші елдің зертханасы берген серияның сапа сертификатының көшірмесін ұсынады. Осылайша өндіруші зауыт сапалы және тексерілген вакцинаны жеткізеді.

• ҚҰРЫЛЫС

## Жаңа кешендер салынады

Өңірде биыл да спорт нысандарының құрылысы жалғасын табады. Мәселен, Қарқаралы ауданының өзінде ғана бес дене шынықтыру-сауықтыру кешені және стадион пайдалануға беріледі.

Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Одан бөлек, Ботақарада 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылуы тиіс. Дәл осындай нысандар Бұқар жырау, Ақтоғай аудандарында да салынады. Атап айтар болсақ, Мұстафин кентінде кешен 320 орынға арналса, Сарышаған кентіндегі нысан – 150 орындық. Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, Ақтас кентінде де 150 адамға, ал, Приозерск қаласында 210 адамға арналған кешен бой көтереді.

Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінде және Осакаровкадағы жүзу бассейнінде 100 орындық кешен салынады.

Сондай-ақ «Қазақстан халқына» қоры есебінен Бүркітті, Шашубай, Ахмет, Оспан елді мекендерінде және «Самұрық-Қазына» АҚ есебінен Жарлы, Доскей, Ақадыр елді мекендерінде тез салынатын жеті спорт кешенін тұрғызу жоспарда.

Жаңадан бой көтеретін нысандардан бөлек, жөндеу жұмыстары да жүргізілуі тиіс. Басқарма мәліметі бойынша, мұндай нысандар – жетеу. Яғни, 2024 жылы «Қарағанды-Арена» мұз сарайы, «Қайрат» ұлттық және ат спорты түрлері мектебі, «Бригантина» сауықтыру лагері және тағы басқалары жөндеуі тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін спорт нысандарын бейімдеу жалғасады. Биыл 14 құрылысты сәйкестендіру жоспарда.

• МӘСЕЛЕ

## Жылы аялдамада жылу жоқ

Быттыр облыс орталығында жаңадан 14 жылы автобус аялдамасы орнатылған болатын. 14 аялдаманың 8-і – Қазыбек би ауданына тиесілі. Бірақ, тұрғындар олардың сапасы сын көтермейді деп шағымданады. Бірінде жылыту құрылғылары жоқ болса, бірі – қаңғыбастардың тұрағына айналған.



Сурет ашық перспективаның аялдамасы

Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазыбек би ауданының тіршілікті қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Дінмұхамед Райымбеков апта сайын аялдамалар тазаланады дейді. Яғни, бір рет сумен жуылса, екі рет химиялық тазалау жүргізіледі.

Бірақ, жылы аялдамалардың барлығына тазалау жұмыстары уақытылы жүргізіледі деген маманның сөзіне қарамастан, тұрғындар оларға кіру мүмкін емес екенін айтуда.

– Жылы аялдамаларда тұрғылықты жері жоқ адамдар отырады. Сондықтан, жағымсыз иіс шығып тұрады. Ол жер-

де тұныққанша, далада тұрғанымыз жақсы, – дейді тұрғындар.

Дінмұхамед Райымбеков жылы аялдамалардың суық болуы – жабдыктардың істен шығуынан дейді. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң бәрі қалпына келеді деп сендіреді.

Ал, аялдамада түнейтін қаңғыбастарға қатысты жергілікті билік құқық қорғау органдарымен бірлесіп отырып, мәселені шешуде. Одан бөлек, бұзақылар да жылы аялдамалардың жауы. Терзелерін шағып, есіктерін қиратқандарға қарсы рейдтер жүргізіледі.

Осы жылдан қаламызда тағы осындай 11 нысан салу жоспарланғанын айту керек.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

# Жастарды ауылға қайтаратын жоба

Нұра ауданының Кобетей ауылында 1100 бас ірі қара малға арналған жаңа сүт-тауар фермасы ашылады. Фермада 60 жұмыс орны құрылмақ. Сүт-тауар фермасы жаңа агроөнеркәсіптік кешендерге жеңілдікпен несие берудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша салынғалы жатыр. Аталған нысанның құрылуына «Черниговское и К» ЖШС және «Рамадан МФ» ЖШС бастамашылық етіп отыр.

– Сүт-тауар фермасын салу идеясы қызметімізді әртараптандыру ниетінен туындады. Біз – өсімдік өсірушілерміз. Бірақ, жыл сайын моно дән егумен айналысу қиындап барады. Сондықтан, «Рамадан МФ» ЖШС-мен бірігіп, Қарағанды облысы мен Астана шаһарының сүт өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ететін заманауи сүт-тауар фермасын құру туралы шешім қабылдадық, – дейді «Черниговское и К» ЖШС директоры Айдос Қанапін.

Фермада жұмыстың барлық циклін автоматтандыруға мүмкіндік беретін за-

манауи бағдарлама енгізу жоспарланған. Кәсіпкерлер Гольштейн атты асыл тұқымды сиыр өсіруді қолға алмақ ниетте.

– Бұл сиырлар – ең сүтті тұқымдардың бірі ретінде белгілі. Ферманың жобалық қуаты – 1100 бас. Күніне 10 мың литрге дейін сүт өндіруді жоспарлап отырмыз. Бәсекеге қабілетті еңбекақы төленетін 60 жаңа жұмыс орнын құрамыз. Бірінші кезекте ауыл тұрғындарын жұмысқа орналастырамыз. Қазір олардың көпшілігі амалсыздықтан елордада жұмыс істеп жүр. Біздің ферма жастарға қалада жұмыс іздемей, туған ауылында тұруға және жұ-



Сурет облыс әкімінің сайтнан

мыс істеуге, елдің өсіп-өркендеуіне үлес қосуға, сонымен бірге, жақсы табыс табуға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Айдос Қанапін.

Сүт-тауар фермасы қажетті азықпен өзін-өзі қамтамасыз етеді. Ол үшін су тарту құрылысын және су құбыры желілерін салу жобасы әзірленген. Жоба сүрлемге

# Қыстан қысылмайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында жылу желілерінің үздіксіз берілуін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Үкіметтің де күн тәртібінде тұрған мәселе – бұл. Жылыту маусымына дайындық жұмыстары, әсіресе, Балқаш қаласында былтыр қызу жүргенін айтып өткеніміз жөн.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Быттыр қала бойынша 6,3 шақырым жылу желісі ауыстырылды. С.Мұхамеджанов көшесіндегі 580 метр, Қараменде би көшесіндегі 460 метр, Қараменде би көшесіндегі 470 метр жылу құбырлары жөндеуден өткен. Әсіресе, Балқаштың Ж.Әбуғалиев көшесіндегі магистральдық жылу желісі әбден тозғандықтан апат жиі орын алатын. Енді, мұндай апат болмайды. Себебі, бұл учаскедегі құбыр толықтай ауыстырылды.

Жылу Балқашта 3 қазаннан, Саяқ кентінде 13 қазаннан бастап беріле бастаған. Қаладағы № 6, 7, 8, 9 жылыту қазандықтары қалыпты жұмыс істеп тұр. Көмір қоры да жеткілікті екен. Қаладағы 9 білім беру нысаны, 11 денсаулық сақтау саласындағы мекеме мен 593 тұрғын үй толығымен жылумен

«Әлеуметтік желілерде жылумен жабдықтау сапасы бойынша көптеген мәселелер бар. Барлық сұрақтар менің жеке бақылауымда. Тұрғын үй қатынастары бөлімі тәулік бойы жұмыс істейтін және келіп түскен барлық өтінімдер мен өтініштерді пысықтайтынның атап өткім келеді. Жылу көзінде-Балқаш ЖЭО жұмысында 4 қазандық агрегаты және 4 турбогенератор бар. Отын қоры мол. «Балқаш Жылу» ЖШС ТНС қала бойынша штаттық режимде жұмыс істейді, қысмен температура режимі жоспарлы көрсеткіштерге сәйкес. Жылыту маусымының тұрақты өтуі мәселесі күнделікті бақылауда», – дейді қала әкімі Сапар Сатаев.

Быттыр жазда Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Балқаш қаласына арнайы жұмыс сапарымен келіп, жылу электр орталығының жұмыс сапасымен танысып кеткен



қамтылып отыр.

Саяқ кентінің жылумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау үшін республикалық бюджеттен 500 миллион теңге бөлінген. Қазандықтарға 9 жылу алмастырғыш аппараты алынып, орнатылған. Тозығы жеткен 300 метр жылу желілері жөнделген. «Көмір-Ктг» ЖШС-мен 86 млн. теңгеден астам сомаға 6 020 тонна көмір жеткізуге келісімшарт жасасқан.

Жылыту маусымының тұрақты өтуі үшін Балқаш қаласы мен Саяқ кентіне 138 млн. 250 000 теңге бөлінді. Жөндеуге қосымша материалдар және апаттық қорға материалдар сатып алынды.

болатын. Жаңа бесінші қазандықтың құрылысын көріп кеткен-тін. Қазір жылу магистралінде №5 қазандықтың жекелеген шағын тораптарын монтаждау аяқталуға жақын, жабдық гидравликалық сынақтан және газ-ауа жолының тығыздығын тексеруден өтеді. Болашақта қазандықты орнату «Kazakhmys Energy» ЖШС БЖЭО жұмысын жақсартып қана қоймай, ластаушы заттарды азайтуға тиіс. Ол енді, алдағы уақыттың еншісінде.

Бастысы, қазіргі уақытта қаладағы жылу қалыпты беріліп отыр.

БАЛҚАШ

• ҰБТ – 2024

## Тапсырма саны өзгеріссіз

Қаңтарда өтетін ҰБТ-ға қатысуға өтініш қабылдау аяқталды. 136 мың адам тестілеуге қатысуға ниет білдірді.

Талапкерлер тестілеу күнін, уақытын және орнын өздері таңдады.

– ҰБТ барысында калькулятор, химиялық элементтердің периодтық жүйесі (Менделеев кестесі) және тұздардың ерігіштік кестесі компьютер экранында көрсетіледі. Тест тапсырушылар тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Сертификат апелляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде қолжетімді болады, – депді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалатынын да айта кеткен жөн. Пәндердің үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. Алайда, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» мін-

детті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарды. Ал, бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұратын болды. Бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Осылайша, ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалды. Жалпы, сұрақ саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» – 20, «Оқу сауаттылығынан» – 10, «Математикалық сауаттылықтан» – 10 және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма бар. Жоғары балл – 140.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталады.

Өз тілімізден

Өз тілімізден

# «Жайлы мектептерде» жағдайдың бәрі болады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президентке берген есебінде биыл өңірде «Жайлы мектеп» жобасы аясында 7100 орындық 10 мектеп пайдалануға берілетінін айтты.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Кадр мәселесі шешіледі

Бұған дейін өңірде облыс әкімінің тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын орындау бойынша Жол картасы бекітілген. Ұлттық жоба республикалық бюджет және Ұлттық қор қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқандықтан, оны іске асыру үшін ауысымдық және апаттық мектептерді жоюға мүмкіндік беруде. Жалпы облыста биыл пайдалануға берілуі тиіс 10 мектеп бар. Атап айтқанда, Қарағандыда – 4 мектеп, Балқаш қаласында – 1, Бұқар жырау ауданында – 3, Шет ауданында – 2.

Аталған аймақтарда «Жайлы мектептер» пайдалануға берудегі мақсат – өңірдегі оқушы орынын тапшылығын жою. Осы мақсатта Күнгей шағынауданында 600 орындық мектептің құрылысы басталған. Биыл пайдалануға берілуі тиіс. Сондай-ақ, қазіргі таңда қалалық №101 мектеп-лицейі де үш ауысымда жұмыс істеп тұр. Үш ауысымды жою мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Гүлдер» шағынауданында 300 оқушыға арналған мектеп те пайдалануға беріледі деп күтілуде. Мектептегі спорт ғимаратын заманауи талаптарға сай жасау – жоспарда. Дене шынықтыру сабағын бір уақытта бірнеше сыныпқа өткізбес үшін жобалық қуатына қарай спорт залдары ашылады. Оқушыларды мектепке апаратын жаяу жүргіншілер жолы да қатаң бақылауда болмақ. Автобустар тоқтайтын аялдамаларды дайындап, мектепке апаратын жолдарға жарық беріледі.

«Гүлдер» шағынауданындағы мектептен қатар өңірде қазіргі таңда апатты

жағдайда үш мектеп жұмыс істеп тұрғаны белгілі. Олардың орнына Қарқаралы ауданының Талды ауылында 200 орындық және Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында 150 орындық мектептің құрылысы жүрде. Қарағандыдағы апатты жағдайдағы білім ордасы №44 мек-




тептің ғимаратын бөлшектеу жұмыстары басталып кеткен.

Облыстық білім басқармасының айтуынша, жыл сайын аталған мектептерді қоса алғанда педагогқа қажеттілік шамамен 500-600 бірлікті құрайды. Мамандармен қамтамасыз ету көрсеткіші 80-85 пайыз болғандықтан, қалған сағаттар педагогтерге және зейнеткерлерге таратылады. Маман тапшылығы мәселесі «Жайлы мектептердің» пайдалануға берілуімен шешіледі деп күтілуде.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



Реформа – өміршең өзгерістер

## Мектептер қандай болады?

– Қазіргі таңда білім ошақтарының құрылыс жұмыстары кестеге сай жүрде. Мерзімі мен сапасы ерекше бақылауда. Жаңа мектептер жеті түрлі талапқа сай 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000 және 2500 орындық болып, ауылда, қалада да жаңа бірінші стандарт негізінде. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды. Әр блокта оқу кабинеттері, дәретханалар, спорт залдары болады. Балалар үшін бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларын орнату көзделіп отыр. Заман талабына сай толықтай жабдықталады, – дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Абылай Смағұлов.

Басшының сөзінен түйеніміз, алғаш тәжірибеде қолданатын бөлек блоктар –

бинеттері, спорт залдары, коворкингтер болуы керек. Ерекше балалар үшін кедергісіз орта құру қажет. Жайлы мектептер салуда барынша ашықтық сақталатындықтан, құрылыс барысын интерактивті карта арқылы онлайн қадағалауға мүмкіндік бар, – деген болатын төраға.

Қазір өңірде мектеп құрылысы – ауқымды. Білім ошақтарының басым бөлігі облыс орталығында орналасқандықтан, шағынаудандарға жіті көңіл бөлінген.

– Қарағанды облысында 2025 жылға дейін барлығы 21 мектеп, оның ішінде 18-і «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынуы тиіс. «Жайлы мектептер» жайлылықтың жоғарылауымен ерекшеленеді, – дейді білім басқармасының баспасөз қызметі.

«Жайлы мектептердің» жобасы мен жабдықтың жақсартуда мұғалімдер ескертулері мен ұсыныстары ескерілген. Мәселен, оқушыларға ыңғайлы бо-

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Тәрбие ұлт таңдамайды

Ұлттардың тәрбие беруі әркім болса да, бала атаулыға ортақ құндылық бірдей. Бабадан қалған бай мұраны тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, тарихты елестету мүмкін емес. Осы мақсатта №23 жалпы білім беретін мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ашық есік күні өтті.



Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаев жаңа оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс бастайтынын айтқан болатын. Игі бастама аясында мектебімізде ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсететін қауымдастық құрылды. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің байланысын арттырып, тәрбие бағытындағы жұмысты күшейттік.

Қазақ халқында ұрпақ тәрбиелеуде тағылым мол. Бала тәрбиесі ұлт таңдамайды, тәрбие барлық ұлтқа қызмет етеді. Ұлт сабақтастығын жоғалтпай өз руханиятымыз бен ұлттық мәдениетіміздің құнын өшірмеуде ұлттық дәстүрлердің орны жоғары. Жалпы халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүріміз бен мәдени мұрамыз арқылы халық ерекше өзін-өзі тәрбиелеп отырған. Осындай оймен біз келешек ұрпақтың бойына халқымыздың рухани танымын сіңіре отырып, ата дәстүрді дәріптеп, құрмет тұтсын деген мақсатты көздедік.

«Даналық» мектебінің ұйымдастыруымен өткен «Ұлттық тәрбие – ұрпақтар сабақтастығы негізі» шарасы қазақтың көнеден келе жатқан салт-дәстүрі «Қыз өсті» сахналық қойылымымен ашылды.

Дала заңдарын біреу білсе, біреу біле бермейді. Сондықтан, мектеп қабырғасында дәстүрге қатысты, көшпенді халықтың тыныс-тіршілігінен туындаған халық педагогикасының қайнар көзі – салт-дәстүрмен өмір сүрудің заңдылықтары ретінде негізге алу қажет екеніне жол сілтеген.

Оқушыларды қоғамның лайықты ізбасары етіп дайындап, тәрбиелеп шығару үшін мектепте оқу-тәрбие жұмысын көбейтіп, мәдениетке баулу қажет.

Жазушы Мұхтар Әуезов «Қай ғасырда да, қай қоғамда да болсын ата-ана міндеті – саналы да салықалы ұрпақ тәрбиелеу» деп айтқан. Балаларға қазақ дәстүрлерінің озық үлгілерін насихаттауда, ұлттық тәрбиедегі салт-дәстүрмен өмір сүрудің заңдылықтары ретінде негізге алу қажет екеніне жол сілтеген.

Оқушыларды қоғамның лайықты

ізбасары етіп дайындап, тәрбиелеп

шығару үшін мектепте оқу-тәрбие

жұмысын көбейтіп, мәдениетке баулу

қажет.

Айжан КӨРШІБАЕВА,  
№23 мектеп директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
ҚАРАҒАНДЫ

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

## Үйірме оқушысын іздейді

Қарағандыдағы №2 оқушылар сарайында балаларды жаңа тегін үйірмелерге қабылдау жүрде. «Жайдарман» клубына барып, ағаш оюды меңгеріп, брейк-данс пен степ билеуді үйренуге мүмкіндік бар.

«Жайдарман» көңілділер және тапқырлар клубы 10 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді қабылдайды. Балалардың тапқырлығын дамытып, сахна мәдениетіне тәрбиелейді.

Ал, ағаш оюды үйірмесінде балалар хохлама, гжель, африкалық мотивтер, өзбек кескіндемесін меңгереді. Сондай-ақ, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін ағашқа дәйекті түрде бояйды.

– Шығармашылықпен айналысу күйзеліс пен мазасыздықты азайтады. Сенсорлық-моторлық үйлестіруді да-

мытады. Балалардың ойлауына, есте сақтау, көру қабілетіне және көркем сөйлеуіне оң әсер етеді. Кесте тігу, кесу дағдыларын игеріп, өмірге қажетті басқа да білім алады, – дейді №2 оқушылар сарайының директоры Шариза Алтынбекова.

Қатысушылар режиссура негіздерін меңгеруде дауысын ретке келтіріп, сахнада өзін дұрыс ұстауды үйренеді.

– Қазіргі таңда №2 оқушылар сарайында жеті бағыт бойынша барлығы 80 үйірме жұмыс істейді. Оларда 5 жастан 18 жасқа дейінгі 2559 бала

білім алады. Жаңа үйірмелерге тағы 60 бала тарту жоспарлануда. Жыл соңына дейін 2700-ге жуық бала тегін қосымша біліммен қамтылуы тиіс. Ниет білдірушілер e-daryn.kz электронды платформа арқылы жазылады, – дейді Шариза Алтынбекова.

Жақын арада Оқушылар сарайында «Қуба» брейк-данс үйірмелері мен Дамир Төрбековтің степ мектебін ашу жоспарланған. Сабақтарды тәжірибелі мұғалімдер жүргізеді деп күтуде.

Өз тізімізден



Сурет облыс әкімінің сайтынан

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Ерекше балаға – Art-шеберхана

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар өздеріне жиі көңіл бөлгенді ұнатады. Кейінде бүлдіршіндердің жайына ден қойған отандық ғалымдар оларға арнап ерекше жобалар ойлап таба бастады. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика факультетінде ерекше балаларға арналған Art-шеберхана ашылды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба жас ғалымдардың «Ғылымдағы жаңа есім» ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған оқу орны ішіндегі грант шеңберінде жүзеге асты. Авторы – арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының оқытушысы Камила Аринова.

– Art-шеберхана құруға кафедра оқытушылары атсалысты. Жобаның мақсаты – шығармашылық сабақтар арқылы ерекше балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету. Art-терапия тұлғааралық дағдыларды қалыптастырып, әлеуметтік бейімделуді жеңіл-

детеді, белсенділікті оятады. Балалармен студенттер және еріктілер айналысады. Теориялық білімді тәжірибеде ұштайды. Ашылу салтанатына «Аутист балалардың ата-аналар қауымдастығы» өкілдерін шақырдық. Кафедра қормен ынтымақтастық орнатқан, – дейді Камила Аринова.

Art-шеберхана кафедрасы арнайы және инклюзивті білім беру ресурстық орталығымен бірге орналасқан. Шығармашылық сабақтарға қажетті барлық заттар, заманауи оқу-әдістемелік құралдар, электрондық бағдарламалар бар. Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалар, сондай-ақ



үйде оқитындар да қатысады.

Жас педагогтер әрбір баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін жұмыста инновациялық тәсілді қолданады. Ол үшін модельдеу, изо, имаго, ертегі, кинезо, музы-

калық терапия секілді педагогикалық әдістер тандалды.

– Зертхана болашақ педагогтердің кәсіби дайындығын жетілдірумен, мектепке дейінгі білім беру жүйесі үшін цифрлық білім

Сурет облыс әкімінің сайтынан

беру ресурстарын әзірлеумен айналысады. Біз балаларын ерте дамыту мәселелері бойынша кеңес алатын тәрбиешілер, ата-аналар үшін жұмыс істейміз. Қарағанды өңірінің мектепке дейінгі білім беру педагогтерімен ынтымақтастықта студент, магистрант, докторанттар тартылатын ғылыми-зерттеулер жүргіземіз, – дейді жоба жетекшісі, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры Наталья Мирза.

Профессордың айтуынша, балалар шеберханадан көптеген қызықты және пайдалы дүниелер табады. Ата-аналарға мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды интеллектін дамыту, нейробиологияны жүргізу, гипербелсенді балалармен жұмыс істеу жайлы айтылады.

Ерте даму зертханасы алдағы уақытта сайттан іске қоспақшы. Әзірге YouTube арнасы жұмыс істейді. Педагогтер, ата-аналар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған танымдық және білім беру роликтері бар.



## • БІЗДІҢ СҰХБАТ

Қаршыға ИГЕН:

## Қазақ киносының болашағы жарқын

«Отандық кино» десе, Алматыдағы «Қазақфильмге» жәутендейміз. Киноны тек сол жақтағылар түсіреді деген тенденция санамызға бекіп алған. Бірақ, Қарағандыда да отандық киноөндірістің қоржынына олжа салып жүрген режиссерлер баршылық. Солардың бірі – Қаршыға Иген. Он жылдың көлемінде тағылымды, қазақ қоғамына айтары бар туындыларды экранға шығарып келеді. Фильмдері – «Пеш», «Бұрылтай», «Кілт», «Кешікпе», «Қара пима», «Ғұмыр өтер», «Әдемі келіншек», «Наурызым», «Адақан әйел», «Блогер келін», «Тұзақ», «Хабарлама», «Бетпе-бет». Былтыр түсірілген «Бетпе-бет» туындысы көрерменге кеңінен танылып, қызу талқыға да түскен. Шығармашылығы мен отандық кино хақында Қаршыға Игенмен сұхбаттасқан едік.

– Қаршыға мырза, шығармашылық жолыңызға қарасам, біршама фильмдерді түсіріңіз. Кино саласына қалай келдіңіз?

– 1998 жылы Алматыға барып, полиграфия училищесіне оқуға түстім. Білім қабырғасында жүріп, небір талантты ұл, қыздармен таныстым. Солар мені шығармашылыққа құштар етті десек те болады. Жақсы ортада жүріп, шығармашылық деген әлемге қадам жасадым. Кенжебек Башар деген досым мені актерлік сабақ алуға үгіттеді. Бірақ, менің әуелдегі жоспарым басқа еді. Сол себепті де айтуғанына көне қоймадым. Училищелдегі оқуымды тәмамдап, мамандығым бойынша жұмысқа кірісіп кеттім. Күндердің күні Алматыдағы телеарналардың біріне жол түсті. Сонда әлгі Кенжебек досымды көрдім. «Қырық өтірік» деген бағдарламаға қатысып жатыр екен. Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясында оқып жүрген кезі. Академиядағы қызықты өмірін баяндап берді. Өмірім қалай өзгеретінін қиялымен баяндады. Оқуға түсуге ақыры көндірді. Бір жағынан өзім де қызықтым. Сонда жүріп кино дегеннің не екенін түсініп, біржола сол жолға түсуге бел будым.

«Блогер келінге» келсек, бұл туынды бүгінгі қоғамды көрсетеді. Маңайымыздың бәрі – блогер. Үйдегі келін де эфирден шыққысы жоқ. Мұндай сюжет жастарды сөзсіз қызықтырады. «Бетпе-бет» фильмінің де айтары бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауылдарды тонап, қалтасын кампайтқан ұрылар туралы баяндалады. Бірақ, елдің ырзығын жеген адам түбінде оңбайды. Бұл дүниеде жасағаның о дүниеге кетпейді. Көрсінді көрсін. Міне, бұл фильмнің өзегі – осы.

Адам мен адам тегін кездеспейді. Осыған көзім жетті.

– Былтыр экранға шыққан «Бетпе-бет» фильмінің «Сарыжайлау» кинотеатрында премьерасы өтті. Залға жиналған көрермен ыстық ықыласы мен бағасын қошеметімен білдірді. Сол сәтке күзмің. «Блогер» деген тақырып өзекті болып тұрғанда «Блогер келін» деп аталған картинаңыз да жарыққа шықты. Сюжеттік желісі ерекше. Сценарийді кім жазды?

– Сценарийді өзім жаздым. Кейінгі уақытта театрдағы режиссерлермен, сценаристтермен ақылдасып жүрмін. Кейін-



Суретте: Қаршыға ИГЕН

керлер арасындағы диалог, монологтарды жазғанда жазушылармен кеңесемін. Себебі, кейіпкердің сөзі – қашан да маңызды. Фильмнің сапасы жақсы болуы үшін білікті мамандарға жүгінген дұрыс. Ал, «Блогер келінге» келсек, бұл туынды бүгінгі қоғамды көрсетеді. Маңайымыздың бәрі – блогер. Үйдегі келін де эфирден шыққысы жоқ. Мұндай сюжет жастарды сөзсіз қызықтырады. «Бетпе-бет» фильмінің де айтары бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауылдарды тонап, қалтасын кампайтқан ұрылар туралы баяндалады. Бірақ, елдің ырзығын жеген адам түбінде оңбайды. Бұл дүниеде жасағаның о дүниеге кетпейді. Көрсінді көрсін. Міне, бұл фильмнің өзегі – осы. Шама-шарқым, дарыным жеткенше тың тақырыптарды қозғаймын.

– Тізімге қарап отырсам, әйелдер туралы бірнеше фильм түсіріңіз. Бұл не себеп?

– Тағдыр тәлкегіне берілмей, арпалысқан әйелдерді көрсете отырып, олардың қайсар жаратылған жүректерін көрерменнің алдына жайып салғым келеді. Әйелдің әлемі – ғажайыпқа толы. Оның нәзік жанын ұлы туындыларға арқау етуге болады. Мәңгі таусылмайтын жыр. Режиссер ретінде әйел кеудесіндегі мейірімді, қылықты, махаббатты жеткізе алсам – мұратыма жеткенім.

– Фильмдеріңіздің бюджетіне айтыңызша, аса көп қаражат кетпейді. Одан бөлек, сырттан танымал актерлерді шақырмайсыз. Білуіңше, актерлердің бәрін айналаңыздан табысаз. Яғни, барлығы қарағандылықтар. Актерлерді қалай таңдайсыз және өңірде

актер тапшылығы бар ма?

– Иә, сырттан актер шақырмаймын. Біріншіден – ақша болсын, уақыт болсын, бұл – үлкен шығын, екіншіден – Қарағандыда небір дарындар өріп жүр. Неге соларды тиімді пайдаланбақпа?! Фильмдерімде журналистер, телеоператорлар, тіпті, көлік жүргізушілері де образ сомдап кетеді. Осыған дейін түсірген фильмдерімді қарап шығыңыздар. Бәрі өз рөлін қажетті деңгейде сомдап шыққан. Әлбетте, келешекте танымал және кәсіби актерлерге қолымыз жетіп жатса, шақыруға об-

Комедияның көптігін де байқап жүрмін. Комедия – ең қиын жанр екенін атап өткен жөн. Адамды күлдіре білу – ең ұлы қасиет. Отандық режиссерлердің осы қиын жанрды игеріп жатқаны – бір жағынан қуантады. Сапалы, сапасыз болсын, киноның көбейгені жақсы. Уақыт – сыншы. Бәрін өзі іріктеп, тек жақсыларын қалдырады. Содан кейін, көрермендерде талғам пайда болады. Ал, анайы һәм дөрекі сөздері көп фильмдерге келетін болсақ, әлбетте, мен оған қарсымын. Кино – тәрбие құралына айналғанын бәрі жақсы біледі. Енді ғана сана көзі ашылып келе жатқан жасөспірімге кері әсері мол.

ден болады. Бұл – жоспарымда бар.

– Қазіргі қазақ киносына қандай баға бересіз? Режиссерлеріміз комедия

түсіргіш боп алды. Бұл қалай қарайсыз? Анайы сөздерге толған фильмдер де көп.

– Киноның көптігі жақсы, әрине. Өйткені, бәсекелестік пайда болады. Ал, бәсекелестік бар жерде сапа мен даму бар. Комедияның көптігін де байқап жүрмін. Комедия – ең қиын жанр екенін атап өткен жөн. Адамды күлдіре білу – ең ұлы қасиет. Отандық режиссерлердің осы қиын жанрды игеріп жатқаны – бір жағынан қуантады. Сапалы, сапасыз болсын, киноның көбейгені жақсы. Уақыт – сыншы. Бәрін өзі іріктеп, тек жақсыларын қалдырады. Содан кейін, көрермендерде талғам пайда болады. Ал, анайы һәм дөрекі сөздері көп фильмдерге келетін болсақ, әлбетте, мен оған қарсымын. Кино – тәрбие құралына айналғанын бәрі жақсы біледі. Енді ғана сана көзі ашылып келе жатқан жасөспірімге кері әсері мол. Экранымызда есірткі, төсек қатынасы, атыс-шабыс, зорлық-зомбылық, төгілген қан ашық көрсетілуде. Бұл тоқтатылмаса, тасбауыр, қатыгез, ар мен ұяттан жұрдай бүгін бір буын өсіп шығуы ықтимал. Олардан не қайыр?! Режиссерлеріміз шетелдіктерге еліктейтін де шығар. Бірақ, еліктеудің жөні осы екен деп былықтыра беруге болмайды ғой. Олар ұлт болашағының алдындағы жауапкершілігін сезінсе екен. Қаралымға да тәуелдіміз. Қазіргі көрерменге жеңіл дүние керек секілді. Осы мәселеде әлдекімді айыптаудан аулақпын. Бәрінің өз себебі бар.

– «Қаршыға Иген – қарағандылық кинорежиссер» деп айтып жүреміз. Шын мәнінде, бұл – Қарағанды үшін зор мақтаныш. Сіздің жобаларды қолдаушылар бар ма?

– Менің шығармашылығымға облыстық «Saryarqa» телеарнасы қолдау көрсетіп келеді. Операторлармен, актерлермен, басқа да жұмыстарға қажетті мамандармен телеарна басшылығы қамтамасыз етеді. Сол үшін телеарна басшылығына зор алғысымды білдіремін. Телеарнада жаңалық түсіріп жүрген телеоператорлардың фильм түсіруге қабілеті жетеді. Бәрі өз ісінің білгірі. Сонымен қатар, Арқаның Атымтай жомарты, «Аманат» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Бекзат Алтынбековке ерекше алғыс.

– Қазақ киносына қандай жаңалық керек деп ойлайсыз?

– Жаңалық ашудың жалғыз жолы бар. Тыңнан түрен салу үшін әуелі ізденіс керек. Қайталанбас кино түсіргісі келген режиссер әлемдік киноның бүкіл жауһарын түгендеуі тиіс. Оқу қажет. Қазір қазақ киносы оларға шақта тұр. Бәрі тың тыныс іздеп жүр. Көбісі шетелге барып, оқып жатыр. Атақтылармен тәжірибе алмасуда. Осының бәрі нәтиже бермей қоймаса анық. Алдағы он жылда, немесе, бес жылда жаңа жұлдыздар жарқырайды деп сенемін.

– Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Әңгімелескен  
Ерік НАРЫН

## • ОЙТАМЫЗЫҚ

## Ауыл албарындағы НОСТАЛЬГИЯ



Бүгінде ауылға барсаңыз, еңсеңіз түсіп, құлазып қайтатын жағдайға жеттік. Бір үйге құдайы қонақ болсаңыз, арқаны кенге салып, сары қымызды сапырып ішу деген жоқ. Қарында сақталған сары майды қақықтап асай алмайсыз. Даланың саф самалынан кепкен құртты да уыстап әкетпейсіз. Бір ізбен барып, бір ізбен қайтасыз. Бәрі тиянақты есептелген. Көңіл ізден барып, керісінше, жүдетесіз.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүрегі ояу адам өткенін аңсамай тұрмайды. Әсіресе, бұрынғы ауылын іздейді. Сондағы ағайынның кең пейілін, жылы көңілін, дарханлығын іздейді. Көз алдында сүт тартып отырған әженің нурлы һәм мейірімді бейнесі көзбендейді. Сағыншы деген құдіретсіз! Сол сәтте қайдан және қалай екенін білмейсіз, бірақ, тіл ұшына қаймақтың дәмі келеді. Алыстағы ағайынның жақын болып кеткен көршінің төріне жантайып, қымыз сіміресің. Содан соң томбайған қарыныңды сипалап аулаға шығасың. Аулада жайылған құртын емін-еркін қалтаға салып, өз жөніне жөнелесің. Басталып жатқан шаруасы болса, кірісіп те кетесің. Сол үшін ақы сұрамақ түгілі, бір ауыз рахметіңе де дәмпейсің.

Қазіргі жағдай басқа... Құрт-май, қымыз, сүт сұрасаңыз, аядай ауылдың нарығында бекіген бағасын айтады. Алдыңыздан капитализм заманының «микро капиталистері» шығады. Етіміз өлгеннен шығар, ақы сұрағанға өкпелеуді де білмейміз. Нарықтың сапырылысы ішке түсіп кеткендей.

Қымызды қойшы, ерттеулі тұрған ат таппайсың. «Байғұсты болдырып шапқылай бергенше, семіртіп сатқан» жақсы дейді. Бұл да бір есеп. Меңіреу жатқан даланы ат тұяғының дүбірі емес, мотоцикл қозғалтқышының түрлі оятады бұл күнде. Жарау тұлпарын атап жіберген мөрт мырзайдай шалқайып тұрып, «Мотоцикл мін» дейді. Гүріл мен түтіннен қашып келген қалалықтар Қытайдың темірін қайтсын?! Қыр басына көз тастасаңыз, мотоцикл дөңгелегінен қалған ию-кию жолақтар. Даланың жұпарын кеудесіне толтыра жұтып, ауылда бейқам жатқан ағаның маңдайындағы түсініксіз әжім секілді. Сыыр байлап отырып, дүкеннен сүт алдырған ауылдың түсініксіз тіршілігі секілді. Даладағы түлік ат мінген бақташыны көрсө таңқалатын күнге жетті.

Былтырғы жазда шешеммен ауылға бардым. Ауылымыз тау мен өзеннің ортасында орналасқан. Бала кезімде өзен күркіреп ағып жататын. Шомылуға беттей алмайтын едік. Салған аула балық тұлайтын. Сол өзен осы күнде күркіремейді. Үнісіз. Тіршіліктен баз кешкен пендедей момын. Өзен жаққа қарап, шешем ауыр күрсініп алды да, көкірегін өртеп жатқан өкінішін ақтарды.

– Егемендіктің алғашқы жылдары ешқайсымызға оңай соққан жоқ. Жұмыссыз теңіретіледі. Азық-түлік алудың өзі мұн еді-ау. Сабылдық. Сол кезеңде мынау өзеннің арнасы кең болатын. Адамдардың пейілі де осы өзеннің арнасындай кең, көңілі суындай шалқып, тасып жататын. Қазір ше?! Қазір бәрі бар. Бірақ, пейіл тар. Өзен де бәрін сезе ме екен, кім білсін?! Уа, құдірет, – дейді алысқа көз тастап...

Бала кезде жазғы демалыс басталысымен ауылға асығатын едім. Күбіндегі тобылғының иісіне, күркіреген өзенге іңкәр едім. Самаурынның шайы мен балқаймаққа жеткенше тозімім таусылатын. Қайтқым келмейтін. Қайтып бара жатып сағынып үлгеретімін. Былтырғы сапардан соң сағынғым келмейді. Бұл – есейгеннен емес-ау! Сағынатын ештеңе қалмаған секілді.

## • БӘРЕКЕЛДІ!

## Ұлтқа қызмет өлшемі – қарекет

Қарағанды қаласындағы №95 мектептің информатика пәнінің мұғалімі Біржан Балтабайұлының осы бір игі ісіне көпшілік сүйсінуде.

Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарапайым мұғалім балаларға арналған «Жеті қазына» атты шағын кітапшаны жарыққа шығарған. Онда жеті қазына атауларының мәнін ашатын шағын мәтін мен сурет бар. Бүлдіршіп әлгі суретті бояу арқылы шығармашылыққа бойын үйретіп, таныммен кеңейте алады. Алматыдағы «Алгоритм» атты баспадан 1000 данамен жарыққа шығыпты. Әлеуметтік желідегі жарнама арқылы жартысын саудалаған.

«Алғашқы шағын бояу журналын шығардық. Енді, «Алламыс батыр», «Қобыланды батыр», «Зарина патшайым», «Томирис патшайым» секілді дайын тұрған кітапшаларымыз бар. Ертегі негізінде әзірледік. Мәтінін құруға анам Алтын Төлепбергенқызы атсалысты. Анам – қазақ тілінің маманы. Қазір зейнетте. Жобаны жұбайым Еркежан Қуандықовамен бірлесіп, пысықтадық. Әйелім – IT саланың маманы. Жылдам саудаланып кеткеніне қарап, өтімді екенін, сұранысқа ие екенін түсіндік. Балаларын ұлттық тәрбиеге баулитын ата-ана барын білдік. Жобамыз қолдау тапса, әрмен қарай жетілдіре бермекпіз», – дейді Біржан Балтабайұлы.



Жаңа журналдары енді үш тілде жарыққа шықпақ. Қазақ, орыс және ағылшын тілінде. Қазақы оюлар топтастырылған жинақтары да жоспарлары да бар. Бояу журналдарының суретін салған – Гүлнұр Ерланқызы мен Виларом Бақытжанқызы.

Міне, қарағандылық жас мұғалім информатика сабағын ғана өткізіп қоймай, ұлт болашағына осылай қызмет етіп жүр.

## • ҚҰҚЫҚ

## Ағаш кескен айып төлейді

Қазыбек би ауданының әкімдігі ағаштарды заңсыз кескен «PROF INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін жауапқа тартуды сұрап, сотқа жүгінді. Аталған компания облыс орталығындағы Гүлдер-1 көшесі, 3А учаскесінде тұрғын үй кешенін тұрғызу барысында ағаштарды рұқсатсыз кескен. Бұл туралы облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының баспасөз қызметі мәлімдеді.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сот «PROF INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты ағаштарды өтемді түрде отырғызуды жүзеге асыруға мәжбүрлеу және белгілі бір іс-әрекеттер жасау міндеттемесі бойынша азаматтық істі қарады. Әкімдік серіктестіктің жасыл желектерді заңсыз кескенін анықтап, оқиға орнында болған маман ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйін және орналасқан жерін айқындап, жасыл желектерді кесуге серіктестіктің құқығы жоқ деген акт берген.

Жалпы, ағаш кесу уәкілетті органның шешімімен ғана жүзеге асады. Бұл – облыстың қалалары мен елді мекендерінің жасыл екпелерін күтіп ұстау және қорғау, аумақтарды абаттандыру қағидаларына сәйкес, облыстық мәслихатының Х сессиясында қабылданған. Серіктестіктің, әкімдіктің, жергілікті өзін-өзі басқару өкілінің, Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен жүргізілген тексеріс нәтижесінде залал мөлшері анықталды. Кінәлі тарап кескен ағаштар орнына 7200 түп ағаш отырғызуы тиіс. Сот Қазыбек би ауданы әкімдігінің талабын қанағаттандырды. «PROF INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекетке келтірілген 17 356 950 теңге көлеміндегі залал өндіріледі. Одан бөлек, сот серіктестікті Сарыарқа көшесіндегі сквер аумағында Республика даңғылынан Тәттімбет көшесіне дейін ағаш отырғызуға міндеттеді. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.



# Қуғаны құтылмаған Қаракер

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақпанның ақ таңы. Неше күн тынымсыз жауған қар бетеге басын еріксіз идіргендей. Кенет жауған қар тұтқиылдан тиген жаудай ештеңеге мұрша берместен жан біткенді құрсауынан құтқармады. Ұшқат, шұбар арасын жаяу адам түгілі, ат аяғын алып жүре алмастай етіп алып қалған. Аспан ақ, жер де ақ киізге оранған. Қарайған Амантай шоқысының бауырында орналасқан шағын қара қос қана. Жансыз далада жан баласына үміт берген қара қосың мұржасынан қылындаған ки түтіні. Бұл – Ақтау, Ақтай, Қаражал жылқышыларының қосы.

Бес күн қатарынан жылқының күзетіне өзге ат жоқтай Кенжетай қайынағасының бөйге Қаракерін мініп жүрді. Үйір-үйір жылқы ішінен осыған мінер ат табылмады дейсіз бе?! Әншейін Қаракердің ілкімділігі һәм өзге аттардан ерекшелігі мен кербездігі көз байлау болды да?! Бүгін алтыншы күн. Еріксіз ерін алып, жүгенін сыпырып, жануарды жылқыға қоспаққа нокталап, жетегіне алды. Кенжетай жүрісін жеделдетіп, астындағы атты жүгірткізеді. Жылқы жатқан адырмен екі орта ат аяғымен соқпаққа айналған. Десек те, жауған қар оны да оңдырмай толтырған екен. Желіп-шоқытып келе жатқан жылқышының жетегіндегі Қаракер аптаға жуық мініліп, ішін тартып, бабына енді түскендей. Соқпақтың бұралаң тұстарында жетектеген аттың ыркымен қимылдап келеді. Шылбыр жаздырмай, аптен қатар жалтарады. Жануардың жылқыдан артық тағы бір қыры осы еді. Адам жанын Алладан аманаттап алғандай, үстіндегі адамына қастық қылаын, я жығып кетейін деп аңдыспайтын. Хайуан болса да, жаны адамға тән мұндай жылқыұйрықтың құны өтеусіз болар, сірә?!?

Қаракерді мал танымас кісі көрсе, аса мон беріп, қарамас болар. Жатаған, көшелі, бойы аса ұзын емес, жалдас, құйрығының түбі жуан да, ұшы сымпыс. Басы кержіктеу, кеңсірік тұсы қолтырауын танау, маңдайы жалпақ, қос қабағы жұдырықтай боп, шодырая шығып тұр. Құлағы кекілдің екі жағында салбырап жатыр. Мойнының жіңішкелігі сонша жүген сағалдырығына сыйып-ақ кеткен. Қаракер ат жай жүргенде, аяғы қарап тұрған кісінің делебесін қоздырып, дегбірін қашырардай аяғын шалжақтап алатын. Кекілін қағып тастап, аяғын ырап баса-тын. Қыстығүні шыбындаған жылқыдай бұл қылығы оның бойындағы болмыстан хабар бергендігі. Құйма тұяқтың іші қуыс, шашалы, жерсоғарлы. Бір басы қырық жорғаға татырлық ат қалірін мына Кенжетай да білетін.

Осы жүріспен бұйрат-бұйраттың арасымен жылқы жатқан жерге де жетті ақыры жылқышы. Табын шетін жинап келе жатқан Кенжетай тай жемтігінің тура үстінен түсті. Дәу де болса, әккі арлан екенін жылқышы бірден ұқты. «Таңдап жүріп қысырдың тайын жыққан екен жарықтық», – деп қайран қалды Кенжетай түлкі тымағын қолымен бір қолдап қойып.

«Бұл бүгін таң ата жарылған мал» деп топшылады. Жасынан жылқы мен аң сыра қанық жігіттің бұл ойы қате емес-ті. Жәукемделген жас ет әлі жөнді қата қоймаған. Қабырғалығы мен мойын жағы сыдырылып желінген де, өзге тұсы аман көрінеді. Кенжетай кідірмеді. Айнала жортып, тұмсығын қарға үйкеп тазартқан қасқырдың ізмен тұра тартты. Із Амантай шоқысынан арғы Қудың талды, өзенді тауын бетке алған. Амантаймен Қудың арасы – қыстың күні жүрген аттылығы күндік жол. Жол алыстығы желөкпелеу жас жігітке тоқтау болмады. Астындағы атқа сенді ме, саптамасының қонышындағы шопақ мылтыққа ма, әлде жігіттігіне ме?! Онысы Аллага аян.

Жортқан із біршама жүрістен соң сымпылдай бастады. Қасқыр артындағы қуғанды сезсе керек. Күндізін желген ат



(Әңгіме)

барлығыңқырап қалды. Мұны Кенжетай аттың тынымсыз пысықып, «аялдауға ишарат білдіре ме?» деп тоқтау күткен қылығынан аңғарып келеді. Ат басын тартып, астындағының жүгенін сыпырып, жетектегі Қаракерге салды. Үстіндегі тонын болдырған атқа жауып, ноктасын жалына қаңтарып, Қаракерге жайдақ мініп, тұра шапты. Мұның сенгені – Төңірі мен жетегіндегі Қаракер аты.

Қолтығы сөгіліп, еті жыртылған Қаракер неше күн осы қуғанды күткендей. Аш күзендей бір бүгіліп, бір жазылып, көкжал ізімен салып ұрып келеді. Жолай Бала Шөкәманнан өтіп, Жидебай тауына шыққанда көкжалдың бойы да көрінді. Бойын көрген көкжалдың Қаракер жанын қоя ма?! Күні бұрын қашқан қасқырдың артқы екі аяғы тартылып қалған екен. Артын сүйреген күйі көкжал да жанын жасыруға пана іздеуде.

Кенжетай құрық салар жерден қонышындағы қысқа мылтықпен алдыңғы аяғын арпалаңдай алған қаракылшық қасқырды бірнеше атты. Алайда, ұңғысы қысқа мылтықтың оғы шашыраңқырап тиіп, бөріге дарыр емес. «Алда әкеннің» деп кіжінген Кенжетайдың мылтыққа сенімі сейілді. Өуелден жылқышы қауым қысқа мылтықты күл көрген-ді. Онымен көбіне аң аптайтын. Қалың жылқыға тұтқиылдан тиген қасқыр ұясына қорку салуға пайдаланатын. «Қолдан оқталған қысқа мылтықтың пайдасы құрық құрлы болмады-ау!» деп күйінді Кенжетай. Амал ойлап, жоспар сызар уақыт жоқ. Тұра беліндегі қайыс белдікті шешіп алып, мылтық шүріппесінен ілді. Сіңірі тартылып, сілесі құрыған бөріні шыра кеп ұрды. Ат екінін еңселі жігіттің тым қатты еңкеюіне мұрша берер емес. Қарсы қарап, тұздай жасыл, жасын жанарын қадап жатқан қасқыр да «келсең кел» дегендей-ақ кейіпте. Оң қолына ораған қайыс белбеуді қаттырақ қыса түсіп, шықына тағы бір төпеп өтті. Жан беру оңай ма? Айдалада жолыққан қос сырттанның айқасы ұзап барады. Қаракерді қасқырдың қабырғалығына қапталдастыра кеп ұрмаққа оқталды. Қос аяқты жаудың жан алмасқа қоймасын білген төрт аяқты тұз тағысы бар дөрменін жиып, шырыла

келген мылтықты қауып түсті. Қайың күндәк қоныр мылтық қасқырдың аузында қалды. «Қап! Ішінді ұрайын-ай!» дей берді іштей Кенжетай...

Бірі – арлан, бірі – адам. Тағдыры үшін тайталасқанмен тай үшін кегі қатқан екеудің арпалысына тек меніреу дала мен Қаракер ат қуә. Күн еңкейіп, ымырт түсті. Ақшам ауып, құлтан кіреу уақытқа таяды. Аяз күшейіп, ат сауырын ақ қырау шалды. Не керек ақыры, алдыңғы екі аяғы мен азуына сенген бөрінің құл сұлдері қалды. Әлсіз тиіп, ет пен сүйектің арасында қалған қорғасын, қала берді қайың күндәк темір мылтықтың соққысынан көкжалдың дымы қалмады. Аз кідіріп, жансыз жауға аттылы таяп келді. Қызыл қанға боялған тілі ұртғынан қылтып, ала жаздай ақ сүт емген қысырдың тайына сапталған ақ азуы ырсып жатыр. Тайыншадай немені атқа өңгерейін дегенмен, жүйрік атқа ыстығы өтеді деп пе, әлде дала сырттанына жаяу таяуға батылы бармады ма, Кенжетай келген ізмен Қаракерге қайта қамшы басты.

Бағанағы ет қызулық саябырсып, тонсыз тән тобарсыңқырап тона бастады. Аттың ілкімділігінің арқасында ізмен қосқа да таяп келеді. Бұл қосқа жеткенде жолы болғандай Ақтау ауылынан мал әкетуге келген трактор да келіпті. Қосқа жиналған ел етті енді ала бергенде Кенжетай да ентелей енді. «Ассалаумағаләйкум» деп амандық білісімен бар болғанды баяндап, жігіттер апыл-ғұпыл тамақтанды. Күн-ұзақ қимылдаған Кенжетайдың ішіне ел барып, бойына қан тарады. Тамақтан соң іле-шала қос алдындағы атағашта тұрған Қаракер атты ықтасын сайдың тебіні жұмсақ жеріне апарды. Арқасына ескі текеметті шет-шетін қомдай жауып, шылбырын қыла мойнына түріп, ауыздығын алып, тізгінін қаңтарып, қоя береді.

Өп-сәтте көк трактор қара көк түтінің будақтата бүркылдап шыға келді. Кенжетай және тағы екі жігіт мінгесіп, көк трактормен көк өкпесін қолға алып, Қудың алдына барып, қасқырды алып қайта қосқа келгенде таң намазы кірген екен. Қаракердің қырық жылда бір туар, қашса жеткізбес, қуғаны құтылмаған жылқы екенін көріп таныған көздің бір айтары осы еді.

## • ҰЛТТЫҚ СПОРТ

# Бозанбайда бүркітшілер сайысы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бозанбай ауылында ақпанның 2-5 күні аралығында құсбегіліктен ересектер арасында XVII Қазақстан чемпионаты өтеді.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оған еліміздің 17 облысынан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 100-ге тарта құсбегі қатысады. Сайыс 3 түрлі аңшы құс – бүркіт, қаршыға және ителгі арасында өтеді.

– Облыстан бес бүркіт түседі сайысқа. Атап айтсақ, Қарқаралы ауданынан екі бүркіт, Бұқар жырау ауданынан екі бүркіт және Шет ауданының бүркіті бақтарын сынамақ. Құсбегілерге бұл хабар ерте жетіп, олар қазір қырандарын баптап, далаға алып шығып, саятшылық құрып жүр.

Өткен борандарда, әрине, саятшылық саябырсып қалды. Десек те, дайындық жаман емес. Сонымен қатар, ителгі сайысына Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарынан бір-бір ителгіден апарамыз. Ал, қаршығалар сайысына Қарағанды қаласынан бір қаршыға қатысақ. Құсбегілердің басты мақсаты – өңіріміздің ұлттық спорттан, оның ішінде, құсбегіліктен ада еместігін танытып, аймақ абыройын асқақтату, – дейді бүркітші Темірәлі Төлегенұлы.

Бұдан бұрын Бозанбай ауылында бүркітшілер арасында «Шығыс салбурыны» атымен аңшылық сайысы өтіп тұратыны белгілі. Ұлттық спорт додасына Қа-



Суретшілік әркөксөзден

зақстаннан өзге сонау Моңғолия Халық Республикасы, Қырғызстан, Венгрия және Ресейден бүркітшілер қатысқан еді.

## • КӨКЕЙКЕСТІ

# Қияндағы қыстаққа жарық қашан барады?

Ауылға һәм оның шаруашылығына арнайы тұжырымдама қабылданып, былтыр іске асыру басталды. Жалпы, ауыл дегенде біздің көз алдымызға аудан орталығы ғана келетіні бар. Бірақ, ауданның түтіні тұзу ұшуы оның шаруашылықтарына тікелей байланысты екенін ежіктеп жатудың өзі артық. Ал, сол шаруашылықтардың бәрінің бірдей жай-жапсары, жасыратыны жоқ, ұртымсызды толтырып айтатындай емес. Дәл бүгінде қиянда түлік өсірген шаруалардың басым бөлігі жарықсыз, байланыссыз, «жапандағы жалғыз үйдің» кебін киіп жүр. Жарықсыз отырған фермерге осыдан кейін «Шаруашылығына Еуропаның, я АҚШ-тың технологиясын неге қолданбайсың?» деу де біртүрлі естілері тағы шын.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Қожалық неден қорлық көріп жүр?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елдегі ауылдық округ – 2 177, ауыл – 6 295 екен. Ал, Қарағанды облысында 7 аудан, 153 ауылдық округ, 344 ауыл бар. Деректер 6899 шаруа қожалығы барын айтады. Аз көрсеткіш емес.

Десек те, мұның арасында әлі күнге қойын құрттап, қойыртпағын ішкен қожалықтар жетіп артылады. Өркениет «Байтал түгілі бас қайғы» болған қыстақтардың тек түстеріне кіре арман. Электр жарығына жете алмай келе жатқан «қараңғы» қыстақтар ауыл шаруашылығының озық технологиясын ойлауға мұршасы да, мұраты да жоқ. Қарапайым қажеттілікке қолы жетпеген қожалықтың елдің аузын аққа жарытады деу – шақша басқа сыймайтын «сұрықсыз» ой.

Бұл мәселе бұдан біраз бұрын «Ауыл» партиясы өкілдері қатысқан Мәжіліс депутаты Таңсәуле Серіковпен аймақтағы кездесуде ашық көтерілгенін білеміз. Сол кездесуде Қарқаралы ауданы Мартбек Мамыраев атындағы ауыл маңындағы шаруа қожалықтары жарықсыз отырғандарын

жазғытұрым алдырған қуаттандырғыштар да көпке бармады. Енді жөпелдемеді Қытайға қалай тапсырыс бермекпіз?! Боран мен жол бекетіндегі бөгетті қайтпекпіз?! Қала түгілі қаладан әрі қарай да жолдар жабылып жатыр. Күн панелінің өзі тек жарықтандырумен ғана шектеледі. Бұл проблеманы малың қайдан түсінсін?! Оларға құдықтан су сорағын сусорғыш, жем мен шөбін тартып берер талқан машинасы болса, болғаны. Ал, мұның көзі – электр жүйесі. Егер электр сым тартылғанда біз әлдеқашан қаланың ет сөресінен бос орын қоймай, жәрмеңке сайын ет пен құрт-майды үзбес едік. Ауыл өнімін өткізу тек қала халқы үшін ғана емес, өзімізге де орасан пайда. Өткен жаздың аптап ыстығында қалаға ірі-қара сойып жөнелтпек болдық. Алайда, азабы пайдасынан асып түсті. Неге десеніздер, бір сиырдың өзін таңғы салқынмен сағат 3:00-де соясын. Оны екі сағатқа жуық дегдітіп, суытуың бар. Сонда бір сиырды қалаға жеткізем дегенде, бір күнін өтеді. Салуды дайын тұрған ет тоңазытатын орындарымыз адыра қалды. Электрсіз одан сымбыл да жоқ, – дейді «Жалықпа» шаруа қожалығының басшысы Мұрат Баймағамбетов.

## Шаруаның шымбайына батқан шындық

Жалғыз бір шаруа болса игі. 40-қа жуық қожалықтың әуе ашық, күн жарықта



Суретшілік әркөксөзден

шырылдап тұрып-ақ айтқан еді. Бұл кеп – тек сол ауданда ғана емес, барша шаруа атаулының басында бар.

Негізі, күн панелі бір кездері кей қыстақтарға жеткен-ді. Алайда, оның жұмыс істеу мерзімі тек 3 жыл ғана. 3 жылдан соң қуат берер аккумуляторы істен шығады. Сонда қыстақ жұрты қыстың қақаған аязында қуаттандырғыш аккумуляторды қайдан таппақ?! Ал, шалғайдағы шағын шаруашылыққа құзырлы орындар жарық тарту үшін сонша қаржы шығындау тиімсіздігін айтады. Бұл қожалықтарға қайтпек керек?

## Жарықсыз ешкімді қарық қылмайды

Мартбек Мамыраев ауылдық округінің маңында жалпы 39 шаруа қожалығы шоғырланған. Оның 23-і – ірі, яғни, төрт түлігі тең өрген шаруашылықтар. Осы 23 шаруа қожалығының тек үшеуінде ғана жарық бар көрінеді.

– Меніңше, бұл – жалпы ортақ мәселе. Өздеріңіз білесіздер, электр жарығы болмаса, көп дүние қараң қалады. Мәселен, менің өзімде 450 ірі қара, 200-ден артық жылқы, 100-ге тарта қой-ешкі бар. Шаруашылығым Мартбек Мамыраев ауылдық округінің Ақбайпақ қыстағында. Түнеукүні тартқан күн панелінің қуаттандырғыштары тозып, оны өз қаражатымызға қытайдан алдырдық. Өр күн панелінің қуаттандырғыш құны – 235 мың теңге. Ал, қолы қысқа жандар күн панелінен күдерін үзгелі қашан?! Қытайдан

өркениеттен ада, дамудан қалыс қалып бара жатқаны кімді алаңдатпақ?! Бұл тұрасында облыстық ауыл шаруашылық басқармасы не дейді екен?

– Негізі, жарық тартуға субсидия қарастырылған. Бірақ, ол үшін жоба 250 млн. теңгенен асуы керек. 40-50 қой, 10-15 сиыр үшін шалғайға шашар қаражат жоқ, – дегенді басқарма. Әлбетте, басқарманы да сөгу қиынсыз. Өйтсе де, өзіміздің азық-түлікті тұтынымыз келсе, айдалада отырған, айқайласа да, үні жоғарыға жетпей жатқан шаруашылықтар мәселесінің шешімін табар күні жеткен секілді. Қабылданған ауылды дамыту тұжырымдамасының шапағаты бұларға да тиісе, құба-құп.

## Үміт – қалған төрт жылда

«Былтыр Президент сайлауынан кейін ең алдымен ауылды дамыту мәселесіне арналған Жарлыққа қол қойдым. Үкімет алдағы 5 жылда ауылды дамытуға айрықша күш салады. Ауыл – қазақтың алтын бесігі», – деген болатын Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда. Баршаға мәлім, 2022 жылдың қарашасындағы Президент сайлауындағы жеңістен соң Мемлекет басшысының қол қойған алғашқы Жарлығы ауылды дамыту туралы еді.

Жарлықта алдағы бес жылда ауылдың дамуына баса ден қойылатыны айтылғаны аян. Ол бес жылдың бір жылын ендігі «жеп» қойдық. Алда қалғаны – төрт жыл. Бұл төрт жыл көтерген жүк қырық атаның белін қайыстырардай ауыр екені де соқырға таяқ ұстатқандай анық зат. Оның ішінде, мына жоғарыдағы мәселе де бар...

## • ЖАСТАР САЯСАТЫ

## Жастық жігер жалындап...

Теміртау қалалық әкімдігінде осындағы Жастар ресурстық орталығының жылдық жұмысы қорытындыланып, жастарды қолдау жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуы туралы аталған орталық директорының міндетін атқарушы Наурыз Елемесовтің баяндамасы тыңдалып, талқыланды.

тар, музыкалық және спорттық ұжымдардың жиналып, фестиваль өткізуді көздеген еді.

Тағы да бір жобаларды жүзеге асыру барысында әуесқойлық жаттығулар, көше өнері фести-

миллион теңгелік грантын иеленген.

Жалпы, былтыр белгіленген осы сияқты 10 жобаны жүзеге асыруға байланысты Теміртау қаласының Жастар ресурстық орталығы 231 шара ұйымдастырып, өткізіп, есепті мерзімде оларға 22 463 жас қатысқан көрінеді.

Енді биылға белгіленген жоба-

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылдың 1 наурызындағы санақ мәліметтеріне қарағанда, құрыш қаласында 184 100 адам тұрса, соның 46 047-сі, яғни, 25 пайызы – 14 пен 35 жас аралығындағы жастар екен. Міне, халықтың осы бөлігімен мемлекеттік жастар саясатын жүргізу үшін 2023 жылы жергілікті бюджеттен 225 миллион 380 мың теңге бөлініп, соның бәрі игеріліпті.

Атап айтқанда, волонтерлік қызмет жобасы аясында қайырымдылық акциялары өткізіліп, жер-жерде ыстық ас таратылып, қаладағы іс-шаралардың өтуіне көмек көрсетіліп, семинар-тренингтер, Бұрабайға 4 күндік демалыс, квест, би кештері ұйымдастырылған.

Ал «Жасыл ел» жобасы негізінде жазғы демалыс мезгілінде қаланың 468 студенті мен оқушысы уақытша ақылы жұмысқа тартылып, олар елдімекенді тазалау, абаттандыру ісімен шұғылданған.

Қала жастары белсенді жетекшілерінің көшпелі лагері «Космонавт» демалыс аймағында құрылып, оған 200-дей адам барған.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы Жастар қанаты» жобасының шеңберінде елімізді мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың мәдениетін танып-білуге 500-дей жас қатысқан.



Сурет ұйымдастырушылары

Сондай-ақ, «Жастарды әлеуметтендіру» жобасында қамтылған бір мыңдай қыз-жігіт өндіріс орындарына экскурсия жасап, олармен семинар-тренингтер, шеберлік сағаттары өткізілген.

Ендігі бір «CoLor fest» жобасы бйрыңғай аймақта бірлескен тақырып бойынша шығармашылық бірлестіктер, жастар ұйымдары, қызығушылық бойынша клуб-

валдері, қылмысты шектеу бағытында 30 көшпелі семинар-тренингтер мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Бұл жобалардың ішінде, ең бастысы қалада жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдау болды деу керек. Сол бойынша конкурса 125 жас өздерінің бизнес-жоспарларына ұсынып, нәтижесінде 20 жастың әрқайсысы қала әкімінің 2

ларға олардың қатысу мөлшерін 40 мың адамға жеткізу көзделіп отыр. Мәжілісті қорытындылаған Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков ол қала жастарының барлық топтарын қамту керектігін еске салып, алда атқарылар шаруаларға сәттілік тіледі.

## • ТЕМІРТАУ

## • БАЙҚАУ

## Аққалалар аллеясы

Кейінгі жылдары Саран шаһары құлшырып келеді. Қала тұрғындарының белсенділігі мен ұйымшылдығы сырт көзге сүйсінерліктей. Жуырда шаһар орталығында өткен «Үздік аққала» байқауы сөзімізге дәлел. Байқауға 250-ге жуық адам қатысқан. Сайыстан соң қаладағы «Сұңқар» стадионында 80 көңілді қар адамынан тұратын тұтас аллея пайда болған.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Қалада алғаш рет өтіп отырған байқау Саранның 70 жылдығына арналыпты.

Атап айтсақ, байқауда №2 жалпы білім беретін мектептің оқушылары ерекше белсенділік танытқан. Олар 10 аққала соғыпты. Мектептен 15 жоғары сынып оқушысы мен педагогтер бір үйдің баласындай жұмыла аққала жасапты.

– Заманауи технологиялар дәуірінде көптеген адам аққала-

ны қалай мүсіндеу керектігін білмейді. Бұл – өте қызықты және денсаулыққа пайдалы дүние. Біз бірлесіп әрі көңілді жұмыс істедік. Әр аққала ерекше және әдемі шықты. Мұғалімдермен бірлескен жұмыс біздің шығармашылыққа ынталандырды. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз. Қаламыздың әдемі болуы мен өсіп-өркендеуі үшін еңбек ете береміз, – деп атап өтті №2 жалпы білім беретін мектеп

парламентінің президенті Егор Башта мен «Жас ұлан» мектеп комитетінің жетекшісі Лазиз Авазонов.

Шынығында, әр мезгілдің өз қызығы болатынын ескеріп, ұйымдастырушылар алғашқысы сәтті өткен бастаманы жалғастыруды көздейтіндерін жеткізді.

## Өз тілшімізден

САРАН

Электрондық  
пошта:  
ortalyk.kaz  
@mail.ru

## • САЙЫС

## Жасөспірімдер байқауы

Үштілділік – қазіргі заман талабы. Осыған орай, оқушылардың тіл байлығын арттыру, олардың ана тіліне деген қызығушылығын тереңдету мақсатында «Менің Қазақстаным» атты үш тілде мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Байқау қорытындысы бойынша кіл үздіктер марапатталып, барлық қатысушыларға арнайы диплом мен кәдесый табыс етілді.



Сурет ұйымдастырушылары

1-8 қазақ, орыс сыныптарынан қатысқан оқушылар үш тілде бірдей егемен еліміз – Қазақстан туралы өлеңдерді нақыштап оқыды. Жарыс қорытындысында үш тіл бойынша жекелеген жеңімпаз

оқушылар анықталды. Жүлдегерлер қатарында Ұлан Нұрланұлы, Виталина Ходорова, Лиза Антонова, Мария Корнеева, Мария Керничук, Надежда Кениг, Ангелина Литвинова, Валерия Рыжкова бар.

Күмісай БҮРКІТБАЕВА,  
№33 мектеп бөбекжай  
кешенінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәні мұғалімі

## • ЖӘДІГЕР

## «Металлург» добы – музейде


Қазақстан футболының тарихында ерекше есімі қалған Балқаштың «Металлург» футбол құрама командасының алаңда ойынаған былғары добы Балқаш тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Көне жәдігерді бір уақытта футбол клубының мүшелері тапсырған екен.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Балқаш футболшыларының бір кездері мықты командасы туралы естеліктер әлі күнге дейін айтылып келеді. Аталмыш футбол клубы 1949 жылы құрылған екен. Сол жылы мықтылық танытып,

актық сында өнер көрсеткен. Қаз КСР біріншілігінің бірінші лигасының екінші эшелонында ойнайтын өз футбол клубы болған кезі болды. 1951 жылғы 24 қазанда «Металлург» стадионында Шымкент командасымен кездесіп, балқаштықтар үздік екендігін танытқан. Сонда жүлденің әр

көшірмесі команданың мүшелері: Владимир Егоров, Михаил Сафронов, Петр Голубев, Иван Толстоноженко, Ермек Төлебаев, Владимир Комар, Григорий Корниенко, Леонид Кочурин, Михаил Нигай, Виктор Бисунов, Александр Бутовин сияқты спорт сандақтарына тапсырылған көрінеді. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында миллиондаған адамдардың сүйікті ойыны біздің қаламызда өтті. «Металлург» командасы кейінгі жылы қайта жасақталып, Серікбол Бектұрғанов футболдың



дамуына зор еңбек сіңірді, – дейді музей қызметкері Асыл Серікқызы.

Айта кетейік, бізге жеткен деректерге сүйенсек, «Металлург» командасы 1950 жылы футбол-

дан облыстық кубок үшін болған ойында бірінші орын, республикалық кубокқа өткен 19 команда ішінде екінші орынды еншілеген.

1971 жылы Қазақ КСР чемпионатының қола жүлдегері атанған. Сонымен қатар, 1990 жылы 2 лига республикамыздың 8 аймағында өткен кездесуде үздіктер қатарынан көрінген. 2015 жылы Қарағанды облысының чемпионатында III орынды еншілеген. Сондай-ақ, балқаштық футболшылар Қарағанды облысының біріншілігінде ересектер командасында ойнап, ел намысын қорғаған.

БАЛҚАШ

## Еске алу



Шет ауданы, Өспен ауылының тұрғыны, асқар таудай әкеміз, ардақты ағамыз, үлкен қарашаңырақтың дінгегі **Хамит Тышқанбайұлы АМАНБЕК** тегінің өмірден өткеніне 1 жыл толуына орай Құран бағышталып, ас берілетінін хабарлаймыз.

Әлі де сене алмай, көзіміз жасқа, жүрегіміз мұңға толып, сағыныштан жанымыз өртеніп, қатты сағынып жүрміз. Қолдан келері артыңнан дұға бағыштап, Құран оқытып, о дүниедегі жаныңыздың жәннатта болуын тілеу ғана. Жатқан жеріңіз жарық болсын, жан ӨКЕ!

Алдымызға үй болып кетсек-дағы, Орныңды төрде отырған сағындық. Жан әкем шаңырақтың болған бағы, Мейірімді көздеріңді сағындық. Сене алмаймыз әлі де жоктығыңа. Көнеміз ғой тағдырдың салғанына, Рухыңмен желеп-жебеу жатшы, Өке. Ризамыз сіздей жанның болғанына, Отбасына сүйісу-тірек болған пана, Туыс-досқа жанашыр болған дана, Жайлы жатыңыз мәңгілік мекеніңде, Бала жүрек тілегі тек сол ғана.

Азала күндерде жанымыздан табылып, қолтығымыздан демеп, қайғымызды бөлісіп, қолынан келген көмегін аямаған туған-туыс, нағашы-жиен, құда-жекжат, көрші-қолаң мен көз-көрген, дәмдес болған барша жамағатқа алғыс айта отырып, Өкеміздің өмірден өткеніне 1 жыл толуына орай асына келіп, арнайы бағыштағалы отырған дұғаның ішінде болыңыздар деп шақырамыз.

Ас 2024 жылдың 20 қаңтарында сағат 13:00-де Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы 10, Әнет баба мешітінің асханасында беріледі.

Сағына еске алушылар: балалары, ұрпақтары.

№11

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы әріптесіміз, облыстық «Saryaq» телеарнасының тілшілері Жанбота Рахметоллаұлы мен Жаннұр Елубаеваға анасы **Күләш БАБАШЕВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Saryaq» телеарнасының ұжымы әріптесіміз, «Жаңалықтар» бөлімінің тілшілері Жанбота Рахметоллаұлы мен Жаннұр Елубаеваға анасы **Күләш БАБАШЕВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryaq aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, облыстық «Saryaq» телеарнасының тілшілері Жанбота Рахметоллаұлы мен Жаннұр Елубаеваға анасы **Күләш БАБАШЕВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ФОТОЭТЮД

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ – 90 ЖЫЛ

## Жарқын жүздесу

Мұхтар Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада «Қазақ әдебиеті» газетінің жарық көре бастағанына 90 жыл толуына орай ардагер журналист, өлке тарихын зерттеуші, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төрехан Майбаспен «Маған ұнайтын ба-сылым» атты кездесу өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова, Қарағанды қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұржан Ілияш, Қарағанды қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Баян Нұртаева, жазушы, тележурналист, Қазақстанның Құрметті журналисі Әли Тойжигіт, өлкетанушы, қуғын-сүргін құрбандарын есте қалдыру мақсатында құрылған «Тағзым» тобының мүшесі, бірнеше кітаптың авто-

ры Анғар Смағұл, еріктілер ұйымының мүшелері, мектеп оқушылары, ұстаздар, кітапхана оқырмандары мен белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қызметкерлері және басқа да қонақтар қатысты.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ғабит Мүсірепов атындағы сыйлықтың иегері, «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы Дархан Бейсенбек шараға онлайн қосылды. Биыл жетпіске толып отырған жазушы Төрехан Майбас мерейтойымен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Шығармашылық табыс тіледі. Сонымен қатар, «Қазақ әдебиеті» газетінің

тарихына тоқталып, тың деректерді ортаға салды. Газеттің қоғам өміріндегі рөлін және онда қызмет еткен белгілі қаламгерлерді де назардан тыс қалдырған жоқ.

Қала әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова Төрехан Майбасты мерейтойымен құттықтап, денсаулық, толағай шығармашылық табыс тіледі. Қала әкімінің Құрмет грамотасы мен естелік сыйлық ұсынды.

Ал, жазушының сыныптас досы Темірбай Асанов ыстық ықыласын жыр шумақтарына сыйғызыпты. Арнауын оқып, нығна шапан жапты. Заң ғылымдарының кандидаты, «Volashaq» академиясының профессоры Болат Сыздық, Аңғар Смағұл және басқа да ел азаматтары этнографтың өмірі мен шығармашылығына байланысты есті естеліктерін ортаға салды.

Кітапхананың оқу залы бөлімінің қызметкері Құралай Бейсенбайқызы «Қазақ әдебиеті» газетінің өткені мен бүгінгі сабақтастыра отырып жасалған слайд-презентацияны ел назарына ұсынды.

Бұдан бөлек кешке қатысқан қонақтар, студенттер, мектеп оқушылары жазушымен кездесу ұйымдастырылғанына қуанышты екенін жеткізді.

Сұрақ-жауап түрінде өрбіген шарада кеш қонағы кітапхана қорына және оқырмандарға «Тәңірқұт» кітабын қолтаңбасымен сыйлады. Ұйымдастырушыларға шексіз алғысын жеткізді.

Жазушы шығармашылығы қазақ халқының бай мәдениетінің сұлулығы мен бірегейлігін жеткізуге деген қайраткерлігін аңғартады. Көркем әдебиет пен этнография әлемінде әр еселі еңбегі күнделікті зерттеу аясына сыймайтын саналы тұлғалар бар. Солардың бірі һәм бірегейі қаламын қолынан тастамай, қазақтың сөз өнеріне адал қызмет етіп келе жатқан тұғырлы тұлға Төрехан Майбас дер едік.

Сурет ұйымдастырушылардың

## ЖАҢА КІТАП

## Қаскеннен қалған сөз

Жақында ғана Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы атанған Арқа баспасөзінің ардагері Қасым Орынбетовтің ел арасына тараған есті әңгімелері, өзінің ұлағатты сөздері кітап боп жарыққа шықты. «Әкем айтады» деген атаумен. Авторы – Қазақстанның Құрметті журналисі, қызы Мақпал Орынбетова.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алматыдағы «Курсив» баспасынан 3000 данамен жарық көрген жаңа кітап біздің де қолымызға алғашқылардың бірі болып тиді. Жаңа жинаққа енген әңгімелердің денін Қасым ақсақал дастархан басында айтқан. Соны автор жазып алып, «facebook» әлеуметтік желідегі парақшасына жариялап отырды. Кітапты парақтап шыққанда сол жердегі жазбаларды кезіктірдік. Желідегі оқырмандардың оң бағасын алғанын. Қаскеннің келесі айтқандарын асыға күтіп отыратынбыз.

Бұдан біз мынадай ой түйеміз: әкенің мың жылға азық болатын ұл-қызына деген ұшан-теңіз ұлағатын, қызының әкеге деген құрметін көреміз.

«Әкем айтады» кітабының беташар сөзін ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының әдеби лауреаты Светкалі Нұржан ағамыз мөлдирете жазыпты.

«Мұхтар Мағауин ағамыздың «Мен «советтік адам» емес едім» дегеніндей, сол қоғамда ержетіп және саясатын насихаттауға тиісті БАҚ саласында ғұмыр бойы қызмет етсе де, бойындағы бағзыдан қалған жұпары жоғалтпаған қайран Қасым аға! Бұл кісінің ауызекі әңгімелерін оқып шыққан адам сонау хан Абылай, Қазадауысты Қазыбек заманынан бүгінге дейінгі кеңістікті адаспай кезіп шығары анық. Құдай-ау, бұл әңгімелерде кім және не жоқ дейсің?! Сонау әулие бабалардың еренғайып істері: таңдайына бал тұнған билердің таңдайката қылар сөздері; әлмеғайыптағы жұлынжұтқан

ерлердің тұлынтұтқан әрекеттері; көнеңің қазақы даналықтары, тіпті, бастауы сол даналыққа барып тірелер әзіл-қалжыңдары; өз замандастарының өнегелі қимылдары; бүгінгі ұрпақтың үмітартар тұлғалары... Осылардың бәрине – ақсақалдықтың биігінен көз жүгіртіп, ой кідіртіп, пікір түйіп отырған Хикметұлы Қасым қария...» деп толғаныпты ақын Светкалі Нұржан «Тектіліктің жүзге жұққан бояуы» атты альбөсіненде.

Сериялы әңгімелер кітабы «Сананы оятқан алыштар», «Әкемен естіген есті сөздер», «Нағашылар», «Достар туралы», «Оймақтай ойлар», «Әке туралы», «Өз ойым» атты бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар, фотосуреттер топтастырылған.

«Рухани тәрбие – ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс. «Ақ жол» партиясының «Алаш» сөзін аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызды аскақтатып айтылуына мұрындық болып жүргені белгілі. Осы жинақтың шығуына «Ақ жол» ҚДП төрағасы, ҚР Парламент депутаты А.Перуашевтің көмек қолын созуы – тарихи тамырымызды қастерлеуіміздің көрінісі, өсер жұрттың өнегесі», деп жазыпты автор кітабының соңына.

Дастархан басында айтылған әке әңгімелері рухани азықтың дастарханна айналып отыр. Отбасылық ортақ олжаны сақтап қалуды көздеген «Әкем айтады» кітабы – оқырманның нақ олжасы дегіміз келеді.

## ЧЕЛЛЕНДЖ

## Қазақ күнтізбесіндегі құндылық

Өткен жылы Қарағанды облысының білім басқармасы мен Qazaq club-тың Ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттау орталығы бірлесіп отырып, 2019 жылы тұсауы кесілген Ұлт құндылықтарын сақтауға бағытталған Қазақ күнтізбесін облыстық біртұтас тәрбие жоспарына енгізген болатын. Осы арқылы 2023-2024 оқу жылында Ұлт құндылықтарын насихаттауды мақсат тұтқан күнтізбенің тағылымы мол атаулы күндері облыстың 417 мектебіне енгізілді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ күнтізбесіндегі 10 қаңтар – «Қазақ әдебиеті» күні болып белгіленген. Бұл күні қазақтың дарынды жазушысы, «Көшпенділер» романының авторы, қазақ әдебиетінде бірнеше дәуірді қамтыған тұңғыш тарихи роман жазған жазушы Ілияс Есенберлин туған. Осыған байланысты, облыстық білім басқармасы мен қалалық білім бөлімі және Qazaq club 10 қаңтар күні #Asul\_soz челленджін өткізуді қолға

алды. Бүгінде бұл челленджге қала, облыс мектептерінің оқушылары, қоғам белсенділері қатысады.

Жеткіншектер жұртшылықты 10 қаңтар – Қазақ әдебиеті күнімен құттықтап, өздері сүйіп оқитын ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінділер мен өлеңдерді оқуда. Айта кету керек, челленджге қатысқан әр жеткіншекке Qazaq club-тың Ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттау орталығы атынан «Тәуелсіздік ленталары» сыйға тартылатын болады.

Клуб өз жұмысын 2019 жылдан бастап,



Сурет ұйымдастырушылардың

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС  
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың м.а. –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Бас редактор –  
Е.К. МҰСАБЕК  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 5 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ